

**«Ұлттық төлем жүйесін ендіру. Цифрлық теңге – күтілетін нәтижелер және дамыту перспективалары» тақырыбындағы дөңгелек үстел қорытындысы бойынша  
ҰСЫНЫСТАР**

*ҚР Парламенті Сенаты*

*22 ақпан 2022 жыл*

«Ұлттық төлем жүйесін ендіру. Цифрлық теңге – күтілетін нәтижелер және дамыту перспективалары» тақырыбындағы өткен дөңгелек үстел қатысушылары, онлайн режимдегі банкаралық аударымдар мен төлемдерді дамыту және қазақстандық банктердің төлем карточкалары бойынша банкаралық транзакцияларды өңдеуді локализациялау перспективаларын талқылап, сондай-ақ, Қазақстан Республикасында цифрлық валютаны енгізу мен пайдаланудың әлеуетін, артықшылықтарын, тәуекелдері мен технологиялық мүмкіндіктерін қарастыра отырып, келесіні **ҰСЫНАДЫ:**

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне:**

1. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды жүзеге асыру үшін төлем жүйелерінің жұмыс істеуін және қауіпсіз, ашық инфрақұрылым құруын қамтамасыз ету.

2. Төлем нарығын реттеуді одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

3. Екінші деңгейлі банктермен бірлесіп, 2022 жылғы 1 шілдеге дейін Ұлттық төлем жүйесінің құрамдас бөліктерін – лездік төлемдер жүйесін және төлем карточкаларының банкаралық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға қосу бойынша жұмысты жүргізу.

4. Қаржы нарығының өкілдеріне, лездік төлемдер жүйесін және төлем карточкаларының банкаралық жүйесін іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу.

5. Мемлекет басшысының «Цифрлық теңгені» енгізу қажеттігі туралы шешім шығару жөніндегі тапсырмасына сәйкес жұмысты жалғастыру.

6. Екінші деңгейлі банктер мен сауда-сервистік кәсіпорындарды қоса алғанда, барлық тараптардың қатысуымен толыққанды «Цифрлық теңге» пилоттық жобасын жүргізу. Оффлайн транзакциялар мен смарт-келісімшарттарды қосып, жүйенің функционалын толық іске асыру.

7. «Цифрлық теңге» пилоттық жобасының іске асырылу кезеңін, кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысымен қамтамасыз ету. Оның ішінде, нарыққа қатысушыларды тарта отырып, жобаның аралық нәтижелерін тұрақты талқылау.